

**А. Т. Шакжанов,**  
*қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу кафедрасының*  
*аға оқытушысы, полиция подполковнигі*  
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

## **ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ТӨМЕНГІ КУРС ТЫҢДАУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН ТЫҢДАУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК ДАЙЫНДЫҒЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДІСТЕМЕЛІК НЫСАНДАР**

Кәсіби жоғары білімнің мәселелері заманауи жоғары оқу орнының бірден-бір мақсаты келешектегі мамандарға кәсіби өзіндік жұмыстарды өткізу қабілетін қалыптастыру. Қазақстан Республикасы Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Жаңа он жылдық — жаңа экономикалық өрлеу — Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» Жолдауында айтылған: «Жоғары білімнің сапасы дүниежүзілік жоғары талаптарға сай болуы керек. Еліміздің жоғары оқу орындары алда келе жатқан әлем оқу орындарының қатарына қосылуы қажет. Келе жатқан он жылдық Президенттің айтуы бойынша индустриалдық-инновациялық жеделдетілген даму он жылдығы болсын. Жоғары оқу білімінің басты мәселесі болашақ маманда өзін дамыта алатын, іздене алатын шығармашылық тұлғаны қалыптастыру. Қазіргі таңда жоғары білімде болып жатқан реформалар тыңдаушылардың оқу үрдісінде максималды өзін-өзін дайындауға бағытталған. Сондықтан да мойындау керек, оқытушылардың басшылығымен жүргізіліп жатқан тыңдаушылардың өзін-өзі дайындығы жай ғана оқу үрдісінің маңызды формасы болып табылмайды. Әрі қарай білім алу әдісі, тыңдаушылардың шығармашылық қасиеттерін дамытып, әрбір тыңдаушының қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескереді. Мәселе тек тыңдаушылардың өзіндік жұмысы уақытын ұзартуда ғана емес. Тыңдаушылардың өзіндік дайындығы жұмысын күшейту академиядағы барлық оқу үрдісін қайта қарау керек. Өйткені ол тыңдаушыларды оқуға үйренуді дамыту, өзін-өзі дамыту қасиеттерін қалыптастыру, алған білімдерін қазіргі заманда кәсіби маманда шығармашылық тұрғыда қолдану.

Сол уақытта өзіндік жұмыс, оны жоспарлау, ұйымдасқан әдістер мен нысандар, нәтижелерді бақылау жүйесі оқу үрдісіндегі тәжірибесінде ең әлсіз жерлерінің бірі болып табылады.

Ең бірінші кезекте, оқытушының бастамасымен жүргізілетін тыңдаушылардың өзіндік жұмысы не екенін нақты анықтау қажет. Кең мағынада, тыңдаушылардың өзіндік дайындығы дегенді оқу аудиториясында немесе аудиториясынан тыс жерде, оқытушы бар кезде немесе жоқ болған жағдайдағы тыңдаушылардың өзіндік дайындығын айтамыз. Оқытушылардың басшылығымен тыңдаушылардың өзіндік дайындығы — оқытушының кестесінде белгіленген аудиториядан тыс сабақтар; оқитын санаттарға байланысты олар бөлінеді: ТӨЖ — тыңдаушылардың оқытушылардың басшылығымен жүргізілетін өзіндік дайындықтары. Тыңдаушылардың оқытушылардың басшылығымен жүргізілетін өзіндік дайындықтарының басты мақсаты ол дәрісте, семинарлық және тәжірибелік сабақтарда алған білімдерін кеңейту, бекіту.

Тыңдаушылардың өзіндік дайындығын өткізу кезінде олардың алып жатқан білімдеріне, деңгейлеріне, жаттығулардың қиындығына, тыңдаушылардың оқу курсына байланысты оларды жоғары және төменгі деген екі топқа бөлу қажет. 3 және 4-курс тыңдаушыларына ТӨЖ өткізудің келесі нұсқаулары беріледі: белгілі бір тақырыпқа байланысты кестелер құру; бақылау сұраулар өткізу; нормативтік құқықтық актілердің талқылануы туралы талдау жасау; тақырыпқа байланысты рефераттар жасау; баяндама жасау; іскерлік ойындар; жаттығуларды орындау; терминологиялық сөздіктерді қалыптастыру және т. б. Аудиториялық жұмысты толығымен қабылдау үшін оқу материалынан түсінік болуы қажет. Яғни 3 және 4-курста оқытылып жатырған материалдарды есте сақтауға бағытталған сабақтар көбірек жүргізіледі.

Бітіретін курстың тыңдаушыларына жоғары көрсетілген нұсқаулармен қатар жағдайлық әдістемелік сияқты жақсы көмек беретін жаңа әдістер ТӨЖ-ге енгізу қажет.

Жағдайлық әдістемеліктер нақты бір жағдайларды зерттеу мен талқылауға негізделеді. Берілген әдіс алған білімдерін дамытуға, туындаған мәселелерге анализ жасауға, сұхбаттасу мен дұрыс процестік шешім қабылдауға көмектеседі.

Бұл әдістің маңыздылығы тыңдаушылардың жеке ойын қалыптастырады, адамның мінез-құлқы сөзсіз дұрыс немесе дұрыс емес деген ойға бағыттайды.

Бұл әдіс көптеген күнделікті болып жатқан істерді қарастырғанда қолданылатын әдіс.

Мысалы, ТӨЖ өткізудің нысаны ретінде case studies әдісін өткізу болып табылады, өйткені оны нақты тергеу жағдай ретінде өткізуге болады. Тергеп-тексеру экспериментіне қатысты тақырыпты оқығаннан кейін, тыңдаушыларға жасалған қылмыс туралы қысқаша түсініктемемен жаттығу беріледі. Тыңдаушылар жағдайды талқылайды және оны дұрыс процестік шешім шығарудағы тиімді нұсқауларын қалыптастырады.

Тыңдаушылар сабақ үстінде шағын топтарға бірігіп, оқытушының басшылығымен жағдайдың мүмкін шешімдерін белсенді талқылайды.

Мысалы, 12.01.2014 жылы Михайловка полиция бөлімшесіне азаматша М. П. Васильевнадан күйеуі азамат П. И. Васильевтің оны ұрып-соққандығы туралы арыз түсті. Ұрып-соғудың нәтижесінде азаматша М. П. Васильева медициналық мекемеге жатқызылған. Оның жағдайы қалыпты ауыр деп бағаланады, жұмыстан босатылып маңызды емдеу шарасы белгіленген. Осы жағдайда дұрыс нұсқау қандай болуы керек?

Одан басқа, жағдайдың шарттарына байланысты, азамат П. И. Васильевтің соттылығы болғандығы туралы, азаматша М. П. Васильева психдиспансерлік тіркеуде тұрғандығы туралы белгілі болды. Тыңдаушылар жоғарыда көрсетілген мәселелерді пайдалана отырып қылмыс құрамын саралаған кезде әсері бар немесе жоқ екендігін анықтау қажет.

Осы жағдайлық әдісті нақты тергеп-тексеру жаттығуларда салыстырмалы айырмашылықтарды анықтау үшін пайдалануға болады. Мысал ретінде, тыңдаушылар бірнеше қылмыстық жауаптылықты қолдануға байланысты қысқаша сипаттаулар берілген жағдайларды алған соң, сабақта шығарған процессуалдық шешімін түсіндіруі және дәлелдеуі қажет.

Мысалы, 1 жағдай: азамат П. И. Васильев өзінің әйелін ұрып-соғу кезінде ішімдік жағдайда болды. Қоғамдық тәртіпті бұзған. 2 жағдай: азаматша Васильева күйеуі ұрып-соғу кезінде жүктіліктің 5 айында болған. 3 жағдай: азамат П. И. Васильев азамат А. А. Ивановпен ішімдік ішіп отырған. Кейін олар П. И. Васильевтың әйелін ұрып соққан. 4 жағдай: азамат П. И. Васильев қылмыс жасаған кезде психоневрологиялық тіркеуде болып, істеген әрекетіне есеп бере алмаған. 5 жағдай: Азамат П. И. Васильев нашакорлық жағдайда болып, өзінің әйелі мен баласын ұрып-соқты.

Берілген жағдайларға байланысты жасалған талдаудың мақсаты болып қылмыстылық жауапкершілікке тарту (немесе босату) екенін анықтау болып табылады.

«Ми толқыны» әдісі бойынша, берілген жағдайды талқылау, екі топ арқылы жүзеге асырылады. Бір топ ойдың басшылары болып табылады, ал екіншісі — бағалау мен талдау жасау тобы.

«Ми толқыны» әдісін ұйымдастырған кезде, келесі жағдайларды ұстану керек:

- мәселені айқындау және түсіндіру;

Әрбір тыңдаушыларға жағдайға байланысты қосымша ақпараттар тарату керек. Әрбір топта 10-нан көп емес тыңдаушы болуы қажет. Тыңдаушыларды дөңгелек немесе жарты дөңгелек ретінде отырғызу: сол кезде бір-бірімен жақсы сұхбат қалыптасады.

Бақылау, баға беру тобына айтылған ойларды тақтаға жазып, бекітуге көмектесу. Сөйлемдерді нақты құрап, тура мағынасында айту. Тыңдаушылардың ойларын бағалау, әрбір айтылған ойды тыңдау. Егерде, айтылған ойлары шындықтан алыс болса да, оларды әрі қарай, шындыққа жақын ететіндей итермелеу керек.

Бірінші топтың тыңдаушылары 20 минут ішінде өздерінің жағдайға байланысты әртүрлі ойларын айтады. Бұл кезеңде ешқандай пікірлер айтылмайды, тек қана бағалау тобы тыңдаушыларының айтылғаны ғана бекітіледі. Барлығы бір ғана ережеге бағынады — кез келген пікірден бас тарту. Ақымақ болып көрінуден және дұрыс түсінілмей қалуының, қорықпаудың нәтижесінде көптеген дәстүрлі емес ойлар қалыптасады.

Бірінші топтың ойлары айтылып болған соң, 15 минут ішінде бағалау тобы өзінің айтылған ойларға қатысты бағасын береді, айтылған ойлардың ішінен күшті және әлсіз жақтарын қарастырады. Бақылау тобы жалпы талқылауға мүмкін болатын ойларды айтып

ары қарай олардың дамуын ұсынады. Сабақтың қалған 15 минуты бірігіп жұмыс істеуге арналады: мәселе бойынша қабылданған шешім нақтыланады. Осындай сабақтар тек академиялық нәтижелер ғана көрсетпей, оның үстіне жақсы эмоциялар туғызады.